



ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ЖҰМЫС КҮШІ: КІМ ЖӘНЕ ҚАЙДАН?

2010-2017



ӨЗІРЛЕГЕНДЕР:

Еңбек нарығын зерттеу
департаменті

Жетекші маман:
Жолдасқызы З.
+7 7172 74 98 26
z.zholdaskyzy@enbek.kz

Департамент директоры:
Молчановская А.С
+7 7172 74 99 93
A.Molchanovskaya@enbek.kz

МАМЫР, 2018

<https://iac.enbek.kz>
<https://www.enbek.kz>

*«Біз сондай-ақ ең жақсы шетелдік мамандарды
ашық нарықта қызықтыруға және біздің
елге жұмыс істеуге шақыруға тиіспіз»
Н. Назарбаев, Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 ж.*

Жоғары білікті мамандар экономикалық даму үшін маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, сондай-ақ жергілікті еңбек нарығында олар болмаған жағдайда, мемлекет мұндай мамандарды шетелден тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

Шетелдік еңбек күші (ШЖК) компаниялардың өнімділігін арттыру үшін инновациялық және технологиялық тұрғыдан күрделі іс-шараларды орындай алады. Бұл тұрғыда инновацияның дамуы, технологиялық пен функционалдық күрделі міндеттермен айналысатын мамандардың жергілікті нарықта жетіспеушілігі бар.

Сондықтан шетелдік мамандарды кейіннен жергілікті мамандарға ауыстыру үшін қазақстандық мамандардың біліктілігін арттыру мен жеделдетуге көмектеседі. Бұдан басқа, бүгінгі таңда Қазақстанның еңбек нарығында гуманитарлық мамандықтар бойынша мамандардың көптігі және техникалық персоналдың жетіспеушілігі байқалады, осыған байланысты ШЖК мамандары жоғары білікті жұмыс күшіне кәсіпорындардың қажеттіліктерін дер кезінде қанағаттандыру үшін уақытша баламалы шешім болып табылады.


Қазақстанда ШЖК-не бірінші қажеттілік 90-шы жылдардың басындағы трансформация кезеңінде туындады, елде білікті мамандардың үлкен ағымы орын алды. Нәтижесінде, 1993 жылы ШЖК тарту үшін квоталау процедурасы енгізілді, бұл сол жылы шамамен 2,1 мың адамның келуіне әсер етті.

2000 жылдардың басында ҚР шетелдіктер үшін тартымды еңбек нарығы ретінде Ресеймен бәсекелесуге кірісті. 2006 жылы Қазақстанға 103 елден 40 000-нан астам қызметкер жұмыс істеді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ШЖК-ін тартудың кешенді жүйесі қызмет етеді - білікті ШЖК және еңбек көші-қоншыларына сілтеме жасау жүйесі, жұмысқа рұқсат беру үшін көп сатылы жүйе. Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі - ЕЭО) мүше елдердің аумағында еңбек ресурстарының еркін қозғалысы режимі бар.

Үкімет жыл сайын ШЖК-ін тарту бойынша квоталарды бекітеді (1.1-сурет). 2009 және 2013 жылдары Қазақстан ұлттық еңбек нарығын қорғауды күшейту және ШЖК-нің қатысуын азайту бойынша шаралар қабылдады. Нәтижесінде, 2014-2017 жылдары еңбек мигранттарының саны аталған шектеудің салдарынан 10,7%-ға азайды.

1.1 сурет. Қазақстанға ШЖК тарту квотасы, 2005-2017 жж



Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Сонымен бірге, шетелдік жұмыс күшіннің санына 2014 жылғы экономикалық дағдарыста өзінің перманенттік әсерін тигізді. 2015 жылдың екінші жартысында шетелдік мамандарға сұраныс деңгейі төмендеді. Сонымен бірге, девальвацияның нәтижесінде жалақысын АҚШ долларымен алатын топ-менджерлер Қазақстаннан кете бастады. Сондай-ақ, компаниялар шығындарын азайту мақсатында өз бизнес-процестерін басқа елдерге қарай бағыттады.

«Optimum Recruitment & Executive Search recruiting» агенттігінің бас директоры Салтанат Әбілтаеваның айтуынша, елде Еуропа мен Америкадан келген «қымбат» экспаттардың орнына Азия мен Таяу Шығыс елдерінің жұмыс күшіне алмастыру үрдісі байқалады.

Сарапшының пікірінше, шетелдік мамандардың кетуі қазақстандықтардың бос орындарға ие болуына кепілдік бермейді, себебі жұмыс берушілер енді Ресейден немесе ЕЭО-қа мүше елдердің мамандарын жұмысқа алуды артық көреді. Бұл – мамандардың жаһандық деңгейде тәжірибесінің бар болуымен және жалақы сұранысы Еуропадан келген мамандармен салыстырғанда төмен болып келеді¹.

Сондай-ақ, квота мөлшері экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың пайыздық көрсеткіші ретінде анықталады және 2017 жылдың басынан бастап квота сала бойынша бөлек орнатылады. Квотаны есептеу жұмыс берушілердің сұраныстары негізінде, жұмыссыздар

¹https://forbes.kz/process/resources/v_kazakhstan_hlyinul_potok_menedjerv_iz_rossii_i_ukrainyi/?utm_source=forbes&utm_medium=mlt_articles&utm_campaign=136028

санының болжамы, стратегиялық жобалардың қажеттілігі (ИИДМБ секілді), өткен жылдың ШЖК тарту тиімділігін бағалауды² (Сурет 1.2) ескере отырып, жұмыс берушілер өтініші негізінде өңірлік комиссиялармен жүргізіледі.


Рұқсат алудан келесі санаттағы шетелдік азаматтар босатылады:

- 50 млн. АҚШ долларынан астам сомаға Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісімшартқа отырған ұйымдардың бірінші басшыларына;

- 2014 жылғы 29 мамырдағы келісімшартқа сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерінің азаматтары;

- Аэроғарыштық қызмет саласындағы мамандарға және ынтымақтастық бойынша халықаралық келісімшарттар аясында ракеталық-ғарышты кешенді жасау мен жерүсті ғарыштық инфрақұрылымы мамандарына.

Сурет 1.2 2017 жылдан бастап ШЖК тарту квотасын анықтау үдерісі



* облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы (келісім бойынша) кәсіподақтардың аумақтық бірлестіктерінің білім беру, кәсіпкерлік, жергілікті еңбек инспекциясы, өңірлік кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша) саласында жергілікті атқарушы органдардың, ішкі істер аймақтық органдарының өкілдері

² <https://www.enbek.gov.kz/ru/node/343548>

ШЖК квоталауының халықаралық тәжірибесі

Ресей тәжірибесіне сүйенсек, квоталар кәсіпке, мамандыққа, шетел азаматтарының біліктілігіне, олардың шыққан еліне және де еңбек нарығының аймақтық сипаттамаларын ескере отырып, басқа экономикалық және әлеуметтік өлшемдерге байланысты белгіленуі мүмкін. Дегенмен, бұл квоталар Ресейдің Еңбек министрлігінің бұйрығымен кейбір мамандарға таратылмайды. Мысалы: кәсіпорынның бас директоры, әртістер, инженерлер және басқа мамандығы бар шетелдік азаматтарға қолданылмайды. Квота өлшемін анықтау үшін (оның көбеюі немесе азайуын қоса алғанда), жұмыс берушілер РФ субъектінің әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін үш жақты комиссия уәкілдері, соның ішінде Ресейдің ФКҚҚ, Ресейдің ФСК, РФ субъектісі атқару билігі органдары мен Ресей еңбек қызметі үшжақты комиссияның өкілдері арасынан өңірлік ведомствоаралық комиссия қарайтын тиісті өтініш беруі тиіс. Өтініш «Көші-қон квотасы» ААК ақпараты талдау жүйесін пайдаланып отырып, қағаз немесе электронды нысанда беріледі. Өтініш туралы шешім 25 күн ішінде қабылданады және толық немесе ішінара қанағаттандырылмауы мүмкін. Сондай-ақ, егер өтініш бекітілген Ережеге сай келмесе, өтініш түскен сәттен бастап 5 күн ішінде жұмыс берушіге түзету үшін қайтарылады.

Сонымен қатар, шетел азаматтары еңбек патентін алу арқылы Ресейде еңбек қызметін визасыз жүзеге асыра алады.

Осы орайда, **АҚШ**-тың тәжірибесіне тоқтала кетсек. Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін тұрақты және уақытша негізде жұмыс істейтін қызметкерлерге квота беріледі. АҚШ үкіметі шетелдік мамандарға жұмыс істеу үшін жыл сайын кем дегенде 140 000 иммигрант визасын ұсынады. Шетелдік жұмысшылардың 5 санаты бар:

- Өнер, ғылым, бизнес, білім және спорт саласындағы ерекше қабілеттерге ие басым жұмысшылар (28,6%); халықаралық деңгейде танылған ғалымдар мен оқытушылар (кемінде 3 жыл тәжірибесі бар); соңғы үш жылда кемінде бір жыл жұмыс істеген көпұлтты компаниялардың басшылары мен менеджерлері;

- Жоғары кәсіптік білімі немесе ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер, сондай-ақ өнер, ғылым, бизнес саласы бойынша көрнекті қабілетке ие қызметкерлер (28,6%);

- Бакалавр дәрежесі бар, кемінде 2 жыл еңбек өтілі немесе ұқсас білімі бар білікті және біліктілігі жоқ қызметкерлер немесе тәжірибе немесе білімді қажет етпейтін мамандықтар бойынша қызметкерлер (28,6 %);

- Діни ұйымдардың және жоғарыда айтылмаған басқа да санаттың қызметкерлері (7,1 %);

- АҚШ экономикасына кемінде 1 млн. доллар немесе 0,5 млн. доллар - экономикалық тұрғыдан депрессияланған немесе ауылдық жерлерге (10 мыңға жуық грин карта немесе 7,1% квота) инвестиция салуға дайын жеке инвесторлар. Сонымен бірге, жаңа бизнес кемінде 10 толық уақытты жұмыс орындарын құруы керек (инвестор мен тәуелді тұлғаларды қоспағанда) немесе қолданыстағы бизнестегі инвестицияларға байланысты ұйымның меншікті капиталын немесе қызметкерлер санының 140% -ға дейін өсуін немесе меншікті капиталының 20% -нан астамын жоғалтқан бизнесте барлық жұмыс орындарын 1 жылдан 2 жылға дейін сақтауы тиіс.

Осылайша, 2017 жылға ШЖК тарту квотасы жұмыс күшіне сай 0,6% көлемінде экономикалық қызмет түрлері бойынша бекітілді, ол 2017 жылдың басында 53,4 мың бірлікті құрайды. Мысалы, құрылыс саласында жұмыс күші санынан 0,2819%, ал денсаулық сақтау саласына тек 0,0041% шетелдік мамандарды тартуға рұқсат етілді.³

Бүгінгі таңда, 2018 жылғы ақпарат бойынша ШЖК тартуға арналаған квотаның көлемі – 0,46%.

Сонымен қатар, бұрын жұмыс берушілер ШЖК берілген рұқсат үшін жергілікті мамандарды қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға немесе қосымша жұмыс орындарын құруға тиіс болды. Оның орнына, бүгінгі күні компания әр қызметкерге маманның біліктілігіне қарай \$850-дан \$1,500-ға дейін қосымша салық төлейді⁴. Сондай-ақ, жұмысқа рұқсат беру ережелері өзгертілді, онда өтінімді қараудың ресми мерзімі 52 жұмыс күнінен 20-ға дейін қысқартылды.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы еңбек миграциясы екі форматта жүзеге асырылуда:

- шетелдік жұмыс күшін ресми тарту;
- Орта Азия елдері мен Ресейден болып жатқан стихиялық еңбек көші-қоны, оны ЕЭО-тың шеңберінде бағалау қиын.

Осы тұрғыда, ШЖК құрылымдық ерекшеліктерін анықтау үшін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің «Шетелдік жұмыс күші» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің («ШЖК ААЖ») 2010-2017 жылдар аралығындағы мәліметтерге талдау жасалынды.

Жалпы алғанда, қарастырылған уақыт бойынша (2010-2017 жж.) елге 308,6 мың. ШЖК жұмысқа қабылданды. Олар өндірістің түрлі салаларында, соның ішінде компаниялардың басқару аппаратында қызмет атқаруда. Қазақстанның еңбек нарығы білікті мамандарға тапшылық болғандықтан, ШЖК-нің басым бөлігі жоғары білікті мамандар. 2010-2017 жылдар аралығында шақырылған жұмыс күшінің саны жылдан жылға өзгеруде. Мысалы, қарастырылып отырған кезеңде, ШЖК-не рұқсат берілген мамандардың максималды саны 2011 ж.- 54 мың. адамды құрады. Ал, минималды жұмыс күші 2017 жылы-27,7 мың. адам санымен бекітілді.


2010 жылдан шетелдік мамандарды тарту бойынша елдердің рейтингінде Қытай бүгінгі күнге дейін жетекші позицияны сақтауда (31,2%) (Сурет 1.3). Бұл Азия елдерінің арасында тікелей инвестициялар құрылымында негізгі үлесін Қытай құрайды. Сондай-ақ, «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автомагистралінің құрылысына

³ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 тамыздағы № 479 қаулысы

⁴ https://forbes.kz/stats/ekspatov_iz_kakih_stran_bolshe_vsego_v_kazahstane/

байланысты екені айқын. Соңғы 8 жылда Қазақстанға 98,8 мың. қытайлық жұмысқа тартылды.

Сурет 1.3 2010-2017 жж. елдегі шетел жұмыс күшінің саны, адам




Дереккөз: «ШЖК» ААЖ

Сонымен қатар, Қытаймен бірге Қазақстанның еңбек нарығында ШЖК саны бойынша жетекші позицияны келесі елдер алады: Түркия (45,5 мың адам), Үндістан (18,3 мың адам), Ұлыбритания (17,6 мың адам), Өзбекстан (15,7 мың адам). Ал, Пәкістаннан (1100 адам), Египет (0,9 мың адам), Бангладеш (0,8 мың адам), Орталық және Солтүстік Африка елдерінен аз шақырылған. Айта кетсек, ҚР еңбек нарығында Корей Халықтық-Демократиялық Республикасы сияқты жабық елдің мамандары қызмет атқарады.

Аймақаралық факторды қарастыратын болсақ, (1.4-сурет) 2010-2017 жылдарда ШЖК тартуда көшбасшылар арасында бірінші орында Атырау облысы (79,1 мың адам), Астана қ. (71,8 мың адам), Алматы қ. (39,5 мың адам) және Маңғыстау облысы (33,9 мың адам) жатады. Сонымен бірге ШЖК ең аз саны СҚО қатысты - 8 жылдан астам тек 41 адам. Сонымен бірге ШЖК ең аз саны СҚО тартылған - 8 жыл ішінде

барлығы 41 адамды құрады. Бұл ЕЭО шеңберіндегі жұмысқа рұқсат алу талап етілмейтін жақын маңдағы ресейлік қалалардан (Омбы, Екатеринбург, Челябинск және т.б.) білікті мамандарды тартуға байланысты.

1.4. сурет 2010-2017 жж. Қазақстанның өңірлері бойынша ШЖК саны, адам



Дереккөз: «ШЖК» ААЖ

ШЖК-нің салалық құрылымында (Сурет 6.13) соңғы 8 жыл ішінде құрылыс басым болып келеді (44-62%). Барлық өңірлерде бұл мамандар шетелдік инвесторлардың қатысуымен ірі жобаларды іске асыруға байланысты. Екінші орында ШЖК қатысуын талап ететін «Теңізшевройл», «Қарашығанақ Петролеум» сияқты ірі компаниялары тау-кен өнеркәсібі (8-13%) саласына тартылады. Үшінші орында шетелден келген алдыңғы қатарлы технологияларды трансферттеу қажеттілігі туындауының арқасынла өңдеу өнеркәсібі (4-9%) жатады.

Сурет 1.5 2010-2017 жж. ҚР сала бойынша ШЖК саны, %



Дереккөз: «ШЖК» ААЖ

Шетелдік мамандардың кәсіби құрылымы жұмыс орындарының сапасын анықтауға мақсатында Ұлттық қызметтер жіктеуіш топтарының контекстінде қарастырылды.

Ұлттық қызметтер жіктеуіші

Ұлттық Қызметтер жіктеуіші (ҰКЖ) 2017 жылдың 11 мамырында бекітілді және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді⁵. ҰКЖ қолданудың негізгі саласы жұмыс күші құрылымындағы өзгерістер динамикасы мен кейін жағдайын бағалау үшін жұмыс күшін статистикалық есепке алу болып табылады. Сондай-ақ, Қызметтер жіктеуіші негізінде алынған деректер халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін кадрлардағы, білім беру жүйесінде және кәсіптік бағдарда экономиканың сұранысын анықтауға арналған нұсқаулық болып табылады.

ҰКЖ қазақстандық экономика ерекшеліктерін көрсете отырып, қолданылатын дағдылардың мамандануына және деңгейіне сәйкес Қызметтерді жіктейді. Дағдылар деңгейі бойынша Қызметтер 10 негізгі топқа бөлінеді, мұнда 1-3 топқа жоғары дағдылық, 4-8 - орта дағдылық, 9 топ төмен дағдылық деңгейі бар мамандықтар кіреді, ал X тобында әртүрлі дағдылық деңгейі бар Қызметтер көрсетілген.

1 топ – басшылар және мемлекеттік қызметкерлер - кәсіпорындардың, мемлекеттік құрылымдардың, сондай-ақ олардың ішінде ұйымдық бөлімшелердің барлық қызметін бағалауды, үйлестіруді, басқаруды, жоспарлауды жүзеге асырады.

Министр, бас директор, мектеп директоры, мейрамхана директоры, зертхананың директоры, жарнама бөлімінің меңгерушісі, музей басшысы, т.б.

2 топ - кәсіби мамандар - тәжірибеде ғылыми және көркем тұжырымдамалар мен теорияларды қолданады, осы білімді жүйелі түрде үйренеді және осы әрекеттерді әр түрлі комбинацияларда біріктіре алады.

Химик, санақшы, дәрігер, инженер, оқытушы, бухгалтер, заңгер, журналист, бағдарламашы, кітапханашы, ұшқыш, психолог, имам, әртіс және т.б.

3 топ - Техник мамандар және басқа да қосалқы кәсіби қызметкерлер - ғылыми немесе көркемдік тұжырымдама және жұмыс әдістерін әзірлеуге және қолдануға байланысты техникалық және құрамы бойынша осыған ұқсас міндеттерді орындайды.

Инженер көмекшісі, тау технигі, сызбашы, әуе диспетчері, қауіпсіздік техникасы бойынша инспектор, мейірбике, бас аспаз, атлет және т.б.

4 топ - әкімшілік саласындағы қызметкерлер - құжаттарды сақтауға, есеп айырысуды жүргізуге, ақша операциялары, саяхаттау, ақпараттық сұраныстар мен жиналыстарға байланысты бірқатар қызметтік міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

Хатшы, стенограф, банктегі кассир, мейманханадағы тіркеуші, банк операциялары бойынша қызметкер, call-орталық операторы, есепші, турагент және т.б.

⁵ <https://iac.enbek.kz/ru/node/422>

5 топ - қызмет көрсету және сату саласындағы қызметкерлер - саяхат, үй шаруашылығы, қоғамдық тамақтану, жеке күтім, өрттен және заңсыз әрекеттерден қорғауға байланысты әртүрлі жеке қызметтер көрсетеді; көтерме немесе бөлшек сауда дүкендерінде тауарларды көрсетеді және сатады.

Жолсерік, гид-экскурсия жетекшісі, даяшы, пошташы, косметолог, шаштараз, аспазшы, күтуші, құтқарушы, детектив, модель, сатушы және т.б.

6 группа - ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, балық шаруашылығы және балық аулау қызметкерлері мен фермерлер - жеміс-жидек дақылдарын өсіреді және жинайды, жануарларды өсіреді немесе оларды аулайды, мал шаруашылығының түрлі өнімдерін өндіреді, орманды өсіреді, қорғайды және пайдаланады, балықты өсіреді немесе аулайды.

Егінші, көкөніс өсірушісі, ара өсіруші, бағбан, орманшы, құс өсіруші, қой өсіруші, аңшы, жүзімші, сауыншы, жокей, ағаш кесушісі, теңіз аймағының балықшысы.

7 топ - өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа да ұқсас салалардағы жұмысшылар - құрылыс және ғимараттарға техникалық қызмет көрсету, металл конструкцияларды тұрғызу, білдектерді жөндеу, тамақ өнімдерін дайындау, тоқыма, ағаш және металлдан бұйым жасау салаларында өздерінің шеберліктерін жүзеге асырады.

Арматурашы, ағаш ұстасы, тас қалаушы, зергер, оюшы, көзеші, темірші, сантехник, дәнекерлеуші, әйнектеуші, әйнек үрлеуші, пианино баптаушы, электрик, наубайшы, тігіншілер, аяқ киім өндірушісі, түптеуші, ағаш кескіндеме суретшісі және т.б.

8 топ - өндірістік жабдықтар операторлары, жинақтаушылар мен жүргізушілер - өнеркәсіптік және ауылшаруашылық қондырғыларының жұмысын бақылайды және басқарады, пойыздарды жүргізеді, көлік құралдарын және жылжымалы жабдықтарды басқарады, құрамдас бөліктерден өнімді жинайды.

Мұнай және газ өндіру операторы, 3D баспа операторы, баспа машинасы операторы, электронды жабдық жинаушысы, автокөлік жинаушысы, трамвай машинисті, такси жүргізушісі, өрт сөндіруші көлік жүргізушісі және т.б.

9 топ - біліктілігі жоқ жұмысшылар - қол құралдары мен физикалық күшті қажет ететін қарапайым және стандартты тапсырмаларды орынайды.


1.1-кестеде ШЖК шақырылған қажетті мамандықтар мен елдер ҰҚЖ-нің топтарына бөліп көрсетілген.

1.1 Кестесі 2010-2017 жж. Қазақстанға ШЖК тартатын мамандықтар мен елдер.

Ұлттық қызметтер жіктеуіші		Қажетті мамандықтар	Тарту елдері
1	Басшылар және мемлекеттік қызметкерлер	фирма директоры, бас директор, бөлімше (қызмет) басшысы, менеджер және бөлім басшысы	Түркия, Ресей, Ұлыбритания, Корей Республикасы және Қытай
2	Кәсіби мамандар	инженер, жөндеу және сынау бойынша инженер, жабдықты жиынтықтау бойынша инженер, құрылысты қадағалау бойынша инженер, сапа бойынша инженер, инженер-технолог	Қытай, Ұлыбритания, Үндістан, Түркия, Италия, Венгрия және Корей Республикасы
3	Техник мамандар және басқа да қосалқы кәсіби қызметкерлер	техник-электрик, техник, механик, бас аспаз, өндірістік және азаматтық құрылыс бойынша техник	Қытай, Түркия, Румыния, Венгрия, Үндістан, Польша
4	Әкімшілік саласындағы қызметкерлер	жұмысты бөлуші, қойма меңгерушісі, көмекші, әкімшілік көмекші	Түркия, Қытай, Әзірбайжан, Үндістан
5	Қызмет көрсету және сату саласындағы қызметкерлер	аспазшы, шаштараз, уқалаушы, дәстүрлі емес медицина практигі, стилист, даяшы	Өзбекстан, Түркия, Қытай, Таиланд, Индонезия
6	Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы, балық шаруашылығы және балық аулау қызметкерлері мен фермерлер	жағалаудағы балықшы, көкөніс өсіруші (фермер), бағбан, жеміс тәлімбағы жұмысшысы, аңшы	Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан
7	Өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа да ұқсас салалардағы жұмысшылар	аймақ шебері, дәнекерлеу жұмыстарының бақылаушысы, технологиялық құбырларды монтаждаушы, электрмен дәнекерлеуші, синтетикалық материалдарды қаптаушы	Қытай, Түркия, Филиппиндер және Таиланд
8	Өндірістік жабдықтар операторлары, жинақтаушылар мен жүргізушілер	технологиялық жабдықтарды монтаждаушы, монтаждаушы, матаушы, экскаватордың жүргізушісі, дәнекерлеуші-мұнара монтаждаушы, матаушы	Түркия, Қытай, Бангладеш, Өзбекстан, Филиппиндер
9	Біліктілігі жоқ жұмысшылар	ауылшаруашылығының біліктілігі жоқ жұмысшысы, қоймашы, лагерь коменданты, жөндеу және құрылыс жұмыстарының біліктілігі жоқ жұмысшысы	Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия және Румыния

2010-2017 жылдар кезеңінде. негізінен жұмысқа тартылған мамандар (КҰК 1-3 топтары) және саладағы жұмысшылар (КҰК 7 тобы) жоғары деңгейде жұмыс істеді (1.6 сурет). Сондай-ақ, 2011 жылдан бастап Атырау, Маңғыстау, СҚО және ОҚО кәсіпорындарында жұмыс істейтін білікті ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ағыны болды. Кәсіби құрылымдағы кішігірім үлесті басқару саласындағы қызметкерлер мен сату саласындағы қызметкерлер алады, себебі бұл мамандықтар шеңберінде технологиялық жағынан күрделі міндеттерді орындауға қажеттілік жоқ, сондықтан қазақстандық кадрлар Қазақстанның жұмыс берушілерінен сұранысты қанағаттандырады.


1.6 Сурет ҰҚЖ топтары бойынша ҚР-ғы ШЖК-нің үлесі, 2010-2017 жж., %



Аймақтық контекстте (1.7 сурет) ШЖК кәсіби құрылымы аймақтан аймаққа қарай өзгереді. Сондай-ақ, 2010-2017 жж. барлық аймақтарда жоғары білікті шетел мамандары жұмысқа тартылды, тек ШҚО және Павлодар облыстарында көбінесе дағды деңгейі орташа қызметкерлер (ҰҚЖ 7-8 топтары) жұмыс істеді. Ал, ауылшаруашылық саласында біліктілігі төмен мамандарды тарту бойынша белсенді аймақ Алматы облысында болып табылады.

ҚР Қарулы күштеріне (ҰҚЖ X тобы) тек 2010 жылы ШҚО-на Ресейден 2 шетелдік мамандар тартылды.

1.7-сурет Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша ШЖК ҰҚЖ топтары бөлінісінде, 2010-2017 жж, %



Дереккөз: «ШЖК» ААЖ

Әрі қарай, шетелдік мамандарды шақырған аймақтар біліктілік деңгейіне сәйкес тәртіппен қаралады. Яғни, жоғарыдан төменге қарай. Бірінші кезекте жоғары дағдылы (Қызметтер жіктеуішінде 1-3 топтар) ШЖК үшін жұмыс орындарының көп үлесі бар аймақтар көрсетілген, әрі қарай «орта топтағы» (ҰҚЖ 4-8 топтар) мамандар басым аймақтар, тізімді төмен білікті (ҰҚЖ 4-8 топтар) ШЖК басым облыстар аяқтайды. Осылайша, аймақ тізімде жоғары болға сайын, жұмысқа тартылған мамандар біліктілігі де жоғары болады. Әрбір аймақ бойынша ақпараттық-графикалық мәлімет 1-ші қосымшада көрсетілген.

1. Қызылорда облысы

2010-2017 жылдар аралығында аймаққа түрлі өндірістерде және компаниялардың басқару аппаратына 3,8 мың шетелдік жұмысшы тартылды.

Соңғы жылдары аймақтағы шетелдік жұмыс күшінің саны 2010 (655 адам) жылмен салыстырғанда, 2017 жылы олардың саны 7%-ға (699 адам) көбеюі байқалады. Орташа алғанда, 2010-2014 жж.жұмысқа тартылған ШЖК жалпы санының 5% ғана орта білікті жұмыс

орындарына, аймақ шебері және жабдық пен аппаратура жөндеу бойынша шебер секілді мамандықтарға тартылған.

Осыған орай, Қызылорда облысы аймақтық аспектіде **жоғары білікті шетелдік жұмыс күшін** тартуда көшбасшы болып табылады. Жалпы алғанда, соңғы 8 жыл ішінде жоғары үлеске ие болған құрылыс (47% -68%) және тау-кен өнеркәсібі (24% -46%) саласына кәсіби мамандар мен жоғары/орта буын басшылары тартылған. Сонымен қатар 2015-2016 жж. ғана құрылыс саласында 8,5-21,4% деңгейіне дейін төмендеу байқалады, тиісінше тау-кен қазу өнеркәсібіндегі өсім 51,6-81,4% -ды құрады.

Осылайша, аймақта соңғы 8 жылдың ішінде ТОП-5 мамандықтар тізіміне өндіріспен байланысты: инженер, құрылысты бақылау бойынша инженер, өндіріс бойынша директор, жөндеу және сынау бойынша инженер, жөндеу бойынша инженер секілді мамандықтар кіреді.

Аймақта еңбек мигрантарының саны бойынша бірінші орынды Қытай алады. Бұл 2016-2017 жылдардағы көрсеткіштермен расталады, сәйкесінше, шетелдік мамандардың 94-99%-ы қытайлық азаматтар. Сонымен бірге, Түркия (13-34%) және Италия (2-19%) көшбасшылар қатарында.

ШЖК қатысатын секторларда жергілікті мамандардың орнын басу пайызы төмен. Ең жоғарғы көрсеткіш тау-кен өнеркәсібінде (1,03%), сондай-ақ ең төмен көрсеткіш сауда мен автомобиль/мотоцикл жөндеу (0,08%) саласында тіркелген.

Компанияларды 2016-2017 жж. ШЖК тарту тұрғысынан қарастырғанда тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі көшбасшылары - «Петроказахстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ (93 адам), құрылыс саласында - «Чайна Триумф Интернешнл Инжиниринг» филиалы (438 адам) .

2. Алматы қаласы

2010 жылдан бастап Алматыға 39,4 мың шетелдік маман тартылды. Сонымен бірге 2017 жылы ШЖК саны 2010 жылмен салыстырғанда 74%-ға төмен (10,1 мың адам).

Алматыда орта есеппен 60% еңбек мигранттары жоғары немесе орта буынды басшылар. Бұл фактор қызмет көрсету саласы дамыған және шетелдік қатысуы бар бірлескен кәсіпорындар мен көптеген шетелдік компаниялар (2017 жылғы 1 желтоқсанда 41%) шоғырланған мекенге қалыпты жағдай.

ШЖК-нің 29%-ы инженер, инженер-механик, объективті бақылау бойынша жетекші инженер сияқты мамандықтар бойынша кәсіби мамандар кіреді. «Орта буынды» мамандардың үлесі айтарлықтай

жоғары емес (2-7%). Олардың басым бөлігі өнеркәсіп, құрылыс, көлік және басқа да қызметтерде жұмыс істейді.

ШЖК-нің салалық құрылымы жылдан-жылға өзгеруде. Егер 2010 жылы ШЖК-нің 40% құрылыс саласында жұмыс істеген болса, бүгінгі күні 24,6% автомобиль/мотоциклдерді саудалау мен саласында жұмыс істейді. Бұл сондай-ақ осы саладағы шетел кәсіпорындарының санымен байланысты. Яғни шетелдік компаниялар Қазақстанға өздері ШЖК тартып, жергілікті компанияларды нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шетелдік кадрларды шақыруға ынталандырады. Тұтастай алғанда, соңғы жылдары ШЖК-нің қызмет көрсету секторында ұлғаюы байқалады, тиісінше, олардың санының өнеркәсіпте 15% -ға дейін қысқаруы байқалады.

Шетелдік мамандардың негізгі үлесі басшылар болып табылғандықтан, белгілі мамандардың тізіміне: бас директор (4,7-13,6%), бөлім басшысы (6,2-22,1%), ұйым басшысы (13-15,6%) және т.б. Сондай-ақ, сұранысқа ие - инженерлер (4,2-12,9%) кіреді.

Сонымен қатар шетелдік мамандармен қамтамасыз ететін негізгі донорлар Қытай, Түркия және Корей Республикасы сияқты елдер болып табылады. Бұдан басқа, Алматыда шетелдік қатысумен тіркелген шетелдік заңды тұлғалардың саны жағынан көшбасшысы болып табылады (2017 жылдың 1 желтоқсанында 25%). Айта кетейік, Қытай, басқа аймақтармен салыстырғанда, бірнеше жылдар бойы аймақтағы ШЖК-нің саны жағынан ең жоғарғы позициясын жоғалтпауда.

Аймақтағы ШЖК мен жалданбалы жұмысшылардың ара қатынасын қарастырсақ, тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында шетелдік мамандардың үлесі жалпы жалданған қызметкерлердің санының 8,38%-ын құрайды. Сауда саласына ШЖК максималды түрде тартуына қарамастан, жалданбалы жұмысшылардың еңбек мигрантарымен ара қатынасы төмен деңгейде (0,67%).

2016-2017 жж. компаниялардың ШЖК-ін тарту деңгейі тұрғысынан қарастыра отырып, тау-кен өндіру өнеркәсібі ЖШС "АГП" (188 адам), құрылыста - АҚ «НГСК Казстройсервис» (72 адам) және басқа салаларда - ЖШС «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» (74 адам), «Казферростал» (35 адам).көшбасшы болды.

3. Батыс Қазақстан облысы

2010-2017 жж. аймақтағы ШЖК-нің жалпы саны 10,1 мың адамды құрады. Сонымен бірге, 2017 жылы 54%-ға (1023 адамға) адамға дейін төмендеу байқалды. 2010 жылы ШЖК-нің ең жоғарғы саны (2 431 адам), ал 2014 жылы ең аз саны (778 адам) тартылды.

Соңғы 8 жылда БҚО-на тартылған шетелдік мамандардың басым бөлігі басшылар (40-57%) мен кәсіби-мамандарды (35-45%) шақырылғанымен, жұмысшы мамандықтар бойынша ШЖК саны төмендеуде. Айта кетсек, 2017 жылдың ортасынан облысқа ауыл шаруашылық саласында Өзбекстаннан біліктілігі жоқ жұмысшыларды (13,5%) қызметкерлерді шақыра бастады.

Маңызды факторлардың бірі, БҚО еліміздің мұнай өндіруші өңірлерінің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда, ЖАӨ-нің 56,3% тау-кен өнеркәсібіне тиесілі. Осыған орай, аталған саладағы кәсіпорындарда жұмыс істеу үшін жоғары білікті шетелдік мамандар(37-61%) тартылады.

2012 жылдан бастап орташа есеппен ШЖК-нің 8,5% құрылыс компанияларында қызмет атқарады. Әкімшілік және қосымша қызметіндегі ұйымдарда шетелдік мамандардың (16%) үлесі айтарлықтай жоғары. Дегенмен, бұл ұйымдар нарықта рекрутингтік қызметтерін ұсынады, сондықтан тартылған шетелдік мамандар іс жүзінде басқа салаларда жұмыс істейді.

Осыған орай, аймақтың ерекшелігін ескере отырып, өнеркәіп саласында келесі мамандар жоғары сұранысқа ие: инженер (10,1-20,7%), учаске меңгерушісі (5,8-14%), өнеркәсіпте бөлім меңгерушісі (3-8%). Бұл мамандар негізінен Италиядан (18,3-33,6%) және Ұлыбританиядан (12,9-27,1%) шақырылған.

ШЖК және жалдамалы қызметкерлердің қатынасын ескере отырып, ШЖК үлесі тау-кен өнеркәсібіне жалданған жұмысшылар санының 7,72% -ын (491 адам) құрайды. Бұл Алматыдан кейінгі осы сектордағы ең жоғарғы көрсеткіш. Ал рекрутингтік компаниялар арқылы тартылған әкімшілік қызмет көрсету саласындағы еңбек мигранттарын ескерсек, олардың үлесі 10% құрайды. Ал ең минималды саны құрылыс пен тұру және тамақтанау саласында(0,79%) көрсетілген.

2016-2017 жылдары ШЖК тарту деңгейі бойынша келесі компаниялар алдыңғы қатарда болды: тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында КПО БВ (613 адам), «Жайықмұнай» ЖШС (84 адам), «Киос» ЖШС (39 адам), «Сайпар»(31 адам) және т.б.

4. Жамбыл облысы

2010-2017 жж. ШЖК жалпы саны. 5,7 мың адамды құрады. Сонымен бірге, олардың саны 2017 жылы 2010 жылмен салыстырғанда 80% төмен (1,3 мың адам).

Орташа алғанда, ШЖК-нің 77% кәсіби-мамандар болып табылады. Сонымен бірге, соңғы 8 жылда ШЖК құрылымында

басшылардың үлесі өсті, ал өнеркәсіп саласында жұмысшылардың үлесі төмендеді. Ал, 2017 жылы Жамбыл обл. бойынша жұмысшыларға сұраныс тіпті болмады.

ШЖК қызметінің негізгі саласы құрылыс болып табылады, ол 2010-2015 жж. жоғары үлеске (62-86,3%) ие болды. Кейінгі жылдары құрылыс саласының маңыздылығы өңдеуші өнеркәсіптегі ШЖК өсуіне байланысты (27,7-41,2%) түсті, бұл стратегиялық инвесторларды өңірде сүт және сүт өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге тарту шараларымен байланысты.

Осылайша, 2010-2017 жж. кезеңінде өндірумен байланысты Қызметтердің белгілері: жөндеу және сынау инженері (6,4-16,3%); сапасы бойынша инженер (7,1-18,0%); жабдықтарды комплектациялау бойынша инженер (2,8-15,3%).

ШЖК жалпы құрылымында негізгі үлесті Қытайдан келген ШЖК (62,7-94,4%) иеленеді. Сондай-ақ көшбасшы позицияны Оңтүстік Корея (3,5 -11,7%), Өзбекстан (0,9-6,8%) және Түркия (1,2% -21,2%) алады.

ШЖК тартылған салаларда жергілікті мамандардың ауыстыру пайызы төмен. Ең жоғарғы мән құрылыста 1,01%), ең төменгі мән ауыл шаруашылығындағы (0,01%) тіркелген.

Компанияларды 2016-2017 жж. ШЖК тарту деңгейі бойынша қарастырсақ, құрылыста "До Книсг» ОҚФ ЖШС (110 адам), тау кен қазу өнеркәсібі саласында «АГП» ЖШС (38 адам), и "АГП" ЖШС (39 адам) және басқалары көшбасшы болып табылады.

5. Солтүстік Қазақстан облысы

СҚО бұл 8 жыл ішінде жұмысқа тартылған ШЖК саны 500 адамнан аз болатын жалғыз аймақ болып табылады. 2010-2017 жылдардағы барлық кезеңде аймақта тек 41 ШЖК жұмыс істеген, ал олардың саны 2010 жылмен салыстырғанда 2017 жылы өзгеріссіз 8 адам құрады.

Орташа алғанда, 49% немесе 2 шетелдік мамандар басшылық лауазымдарда жұмыс істеуге, ал қалғандары жыл сайын өзгеріп отыратын өндірістің әртүрлі деңгейлерінде жұмыс істеуге шақырылады. Негізінен, бұл мамандар көбінесе өңдеу өнеркәсібіне тартылады (50-100%). Осыған орай, ШЖК мен жалдамалы қызметкерлер ара қатынасын ескере отырып, ШЖК үлесі осы саладағы жалданған қызметкерлердің жалпы санының тек 0,02% -ын құрайды.

Осылайша, 2010-2017 жылдар аралығындағы аймақтағы ең қажет етілетін мамандықтар инженер-технолог (0,1-66,7%) және

инженер-электроника (20-33,3%) болып табылады. Сондай-ақ, дәрігер, аспаз, бас директор сияқты мамандар да тартылған. Шетелдік кадрлар негізінен Түркиядан (25-100%), Украинадан (25-50%), және Тәжікстаннан (12,5% -33,3%) келген.

Дегенмен, 2016-2017 жылдары ШЖК тарту деңгейі бойынша компанияларды қарастырсақ, өңірде көшбасшы жоқ, себебі әрбір компания өзіне жұмыс істеуге 1 адамнан артық адам шақырмаған. Мұндай кәсіпорындар, мысалы, өңдеу өнеркәсібі саласында - "Сұлтан Кондитерлік өнімдері" АҚ, "Казнефтегазмаш" АҚ, "Сұлтан-Эммк " АҚ және сауда саласында -"Даксин Казахстан (Daxin Kazakhstan)" ЖШС астық, тұқым және мал азығын сату салаларында жұмыс істейді.

6. Оңтүстік Қазақстан облысы

2010 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ОҚО 13,6 мың шетелдік мамандар тартылды. Сонымен бірге, 2010 жылдан бастап (1 881 адам) 2017 жылға қарай олардың санының 71% -ға өсуі байқалады.

Орташа алғанда, ШЖК 65% кәсіби маман болып табылады, ал ШЖК 7,6% басқарушы лауазымдарға ие. Орташа білікті мамандардың үлесі орта есеппен 19% құрайды. Сондай-ақ, 2013 жылы ШЖК 2% білікті ауылшаруашылық қызметкерлері (көкөніс өсірушілері) болды.

ШЖК салалық құрылымы құрылыстың жоғары үлесін (64-93%) көрсетеді. Осыған байланысты сұранысқа ие мамандықтар осы саламен байланысты болды. Соңғы 8 жылда ШЖК инженерлері (22-81%) 5 белсенді мамандықтың тізімін басқарады. Басқа танымал мамандықтар әртүрлі және жыл сайын өзгереді. Мысалы, 2011 жылы инженер (66,4%), бұйымды кептіруші (4,4%), жабдықты жөндеу бойынша механик (3,1%) жұмысқа тартылса, ал 2016 жылы - инженер (53,4%), техник (11,4%), кесуші (7,2%), құрастырушы (2,9%).

ШЖК әрдайым Қытайдан, сондай-ақ Үндістаннан, Ираннан, Пәкістаннан келді. 2012 жылы "Кукдонг Инжиниринг Констракшн Ко Лтд" ФАО компаниясы құрылыс саласындағы зертхана меңгерушісі, жұмыс өндірушісі (прораб), инженер-жобалаушы мамандықтары бойынша мамандарды КХДР жұмысқа шақырғаны қызықты факт болды.

Құрылыстағы шетелдік мамандардың жоғары үлесін ескере отырып, жалпы алғанда жергілікті мамандарды ауыстыру пайызы 2016 жылы төмен және 2,73% деңгейінде тұр. ШЖК ең аз саны 1 адам ақпарат және сауда саласына тартылған және сәйкесінше, осы салаларда жергілікті қызметкерлерді ауыстыру жоқ.

Сондай-ақ, 2016-2017 жж. ШЖК тарту деңгейі бойынша компанияларды қарастырсақ, құрылыс саласында "До КНИСГ" ЖШС

ОҚФ компаниясы көшбасшысы болды, ол екі жыл ішінде 3 275 шетелдік маманның келуін қамтамасыз етті, бұл ШЖК жалпы санының 63% -на сәйкес келеді.

7. Ақтөбе облысы

2010-2017 жж. барлық кезеңде аймақта 12 мың адам жұмыс істеді, ал 2010 жылмен салыстырғанда (1917 адам) олардың саны 2017 жылы 44% -ға қысқартылды.

Орта есеппен ШЖК 25% басшылар, 55% - кәсіби мамандар, 17% - біліктілігі орта деңгейдегі жұмыс орындарындағы жұмысшылар. Дегенмен, 2017 жылы ШЖК жалпы құрылымында жұмысшылар мен өнеркәсіптік операторлар санының айтарлықтай 1,8% дейін төмендеуі байқалады.

ШЖК салалық құрылымы дүркін-дүркін өзгерді, бірақ құрылыс пен тау-кен қазу өнеркәсібі саласындағы кадрлар әрдайым үлкен үлеске ие. 2017 жылы құрылыс саласындағы ШЖК үлесі 23,8% -ға дейін төмендеді, тиісінше, тау-кен өнеркәсібіндегі ШЖК санының өсті (35,6%). Сондай-ақ, өңірде шетелдік мамандар өңдеуші өнеркәсіпте (6-16%) және басқа да қызмет түрлерінде (4-16%) сұранысқа ие.

Соңғы 8 жылда белсенді Қызметтер бөлінісінде инженерлер (9-31%), бұрғылау инженерлері (4-8%), бөлім бастығы (басқа салаларға маманданған) (3-8%) жұмысқа тартылады. Бұл мамандар негізінен Қытайдан (80-96%), Германиядан (0,2-6%) және Украинадан (2-3%) келеді.

ШЖК және жалдамалы қызметкерлердің аймақтағы ара қатынасын қарастырсақ, құрылыс саласындағы ШЖК жалданған жұмысшылар жалпы санының 2,9% -ын (726 адам) алады. Жергілікті кадрлардың ең аз ауыстырылуы кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында (0,47%) байқалады.

2016-2017 жылдары ШЖК тарту деңгейі бойынша компанияларды қарастырсақ, құрылыс саласында "Қытай Мұнай Инженерлік-Құрылыс топтары Еншілес Ұйымы" ЖШС филиалы (623 адам), "Монтаж" ЖШС (161 адам), "Арман-Құрылыс" ЖШС (90 адам), тау-кен өндіру өнеркәсібінде "Синопек Қазақстан Халықаралық Мұнай Сервистік Компаниясы" ЖШС (155 адам) көшбасшы болды. ЖШС «Шығыс мұнай және сервистік қызмет көрсету» (116 адам), қосымша қызмет түрлерін көрсету бойынша «СНПС-Ақтобемунайгаз» АҚ (158 адам.)

8. Қарағанды облысы

2010-2017 жж. ШЖК жалпы саны 2,8 мың адамды құрады, ал олардың саны 2010 жылдан бастап 190 адамға дейін немесе 2017 жылы 28% -ға қысқарды.

ШЖК кәсіби құрылымы қарастырылып отырған кезеңде әртүрлі. Егер 2011 жылы негізгі үлесті өнеркәсіп жұмысшылары (57,2%) иеленсе, сыртқы құбырларды орнатушы, электр-газбен дәнекерлеуші сияқты мамандықтар бойынша, онда әрі қарай ШЖК 70% астамы жоғары білікті мамандар болды. Сондай-ақ, 2017 жылы қызмет көрсету және сату саласына 8,4% қызметкерлер шаштараз, уқалаушы сияқты мамандықтар бойынша Түркия мен Таиландтан келген.

ШЖК салалық құрылымы да 8 жыл бойы өзгерді, бірақ негізінен ШЖК құрылыс (22-81%), тау-кен қазу (5-43%) және өңдеу өнеркәсібі (8-31%) саласында жұмыс істейді.

Нәтижесінде, белсенді Қызметтер жыл сайын өзгеріп отырды. Тұтастай алғанда, қарастырылып отырған кезеңде аймақтың шебері (8-15%), өндіріс бойынша директор (4-11%), аймақ бастығы (3-9%), жабдықты жинақтау бойынша инженер (5-7%) және т.б. талап етілді.

ШЖК мен жалданбалы жұмысшылар ара қатынасы бойынша ең жоғарғы мән 2016 жылы басқа қызмет түрлерін көрсету саласында (0,42%), ал ең төменгі мән сумен жабдықтау және қалдықтарды жою (0,01%) саласында тіркелген.

